

3 - модуль. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру
4-тақырып. Кәсіби тілдің термин жүйесі



Грамматика!!!

Тұрақты сөз тіркестері – сөздердің орны әбден қалыптасқан және құрамындағы сөздерден мүлдем басқа мағына беретін тіркес.

Тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің орнын өзгертуге, басқа сөзбен алмастыруға келмейді. Неше сөзден тұрса да, тұрақты сөз тіркесі бір ғана мағынаны береді. Сөйлем ішінде бір ғана мүшенің қызметін атқарады. Мысалы: Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар елге қызмет етеді.

Екі немесе одан да көп сөздің тіркесуі арқылы жасалатын, құрамындағы сөздердің орнына уыстыруға келмейтін, бәрі тұтасып бір мағынаға ие болатын, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқаратын тіркестер – **тұрақты тіркестер – фразеологизм** деп аталады. Мысалы, ***Екі иығына екі кісі мінгендей*** деген тұрақты сөз тіркесі **денелі, тұлғалы, иықты** деген бір ғана мағынаны білдірсе, ***Аяғы аяғына жұқпады*** тұрақты тіркесі **шапшаң, тез жүрді** деген ұғымда қолданылып тұр. Тұрақты сөз тіркестері мен еркін сөз тіркестерінің өзіне тән айырмашылығы болады:

ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

1. Тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің орнын ауыстыруға келмейді.

2. Тұрақты сөз тіркесінің мағынасы оның құрамындағы сөздердің мағыналарынан алшақ болады.

3. Тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер бір ғана синтаксистік қызмет атқарады.



ОҚЫЛЫМ



-
- 
- Кәсіби тілдік термин жүйесі-бұл жалпы қолданысқа енбеген адам қызметінің әртүрлі салаларында қолданылатын сөздер мен сөзтіркестері.



Термин – сөздер дегеніміз ғылым мен техника, өнер т.б. салаларда келетін сөздер атауы.



Термин сөздер

```
graph TD; A[Термин сөздер] --> B[Тілімізге орыс тілі арқылы енген баламалары жоқ интернационалдық терминдер: квадрат, куб, глобус]; A --> C[Басқа тілден енген сөздерге қазақша балама табу: Әуежай-аэропорт, Борт серік - стюардесса];
```

Тілімізге орыс тілі арқылы
енген баламалары
жоқ интернационалдық
терминдер: квадрат, куб, глобус

Басқа тілден енген сөздерге
қазақша балама табу:
Әуежай-аэропорт
Борт серік - стюардесса

Ғылым салалары терминдері:

Лингвистикалық
терминдер:
*фразеология,
фонетика, лексика,
морфология,
синтаксис,
стилистика,
метафора, идиома,
метонимия т.б.*



Әдеби-өнер
терминдері: *проза,
комедия, драма,
опера, сатира,
поэзия, эпос,
консерватория,
либретто, дирижер
т.б.*



Математика
терминдері:
*алгебра, аксиома,
теорема,
коэффициент т.б.*



Физика терминдері:
*атом, оптика,
механика, энергия,
ампер т.б.*



Ойтүрткі сұрақтарға мәтін бойынша жауап беріңіз.



Кәсіби тілдің ерекшеліктері қандай?

Неліктен жұмыста кәсіби тілдік терминжүйесін қолданады?

Қазақ тілінде термин сөздер неше түрлі жолмен жасалады?

Кәсіби тілдік терминжүйесінің басқа терминдерден айырмашылығы неде?



Берілген сөйлемдерді мәтіннің көмегімен толықтырыңыз.

Сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалады. Сөздерді біріктіру арқылы жаңажасалады: – гимн, төлқұжат –, әуежай – аэропорт, елтаңба – герб т.б. Қысқарту тәсілі негізінде жасалады: БАҚ (.....) – СМИ (Средства массовой информации), (Жоғары оқу орны) – ВУЗ (Высшее заведение), ҰБТ (Ұлттық) – ЕНТ(Единый национальный тест).



СӨЙЛЕСІМ

Фотосуреттерге қарап, әр саладағы мамандардың кәсіби тілдік терминжүйесін қолдану арқылы шағын сұқбат құрастырыңыз.



Мәтінді оқып, калька тәсілі арқылы аудармасы қалыптасқан лексикамен танысыңыз. Аударма арқылы қалыптасқан лексикаға өз пікіріңізді білдіріңіз.

Ана тілі мүмкіншілігін пайдаланудың жолы калька тәсілі десек, ғылыми лексикадағы, яғни орыс не шет тілдерден енген сөздерді тұлғалық (құрылымдық), мағыналық жағынан сөзбе-сөз аударуды былайшы көрсетуге болады:



Мағыналық калька :

Көтергіш – лифт

Табиғи – натурально

Қойнау – недро

Сілем – залежи

Оқпан – ствол

Кернеу – напряжение

Теңергіш – балансир

Түп – забой

Өңдеу – переработка

Қозғалтқыш – двигатель

Төсем – прокладка

Тұлғалық/құрылымдық калька:

Осушка – кептіру

Автотұрақ – автостоянка

Автожуғыш – автомойка

Автожол – автодорога

Құрғақ газ – сухой газ

Қыздырғыш – подогреватель

Дайындау – подготовка

Тұтынушы – потребитель

Үрлеу – продувка

Ерігіштік – растворимость

Қасиет – свойство

Кернжұлғыш – кернорватель

Мұздақ – ледник

Құрылым – структура

Жылу алмасу – теплообмен

Жылу тасығыш – теплоноситель


Ірілендіру – укрупнение

Қисаю-искривление



Тілімізге енген орыс, ағылшын, араб-парсы сөздерін сала бойынша топтаңыз (топтық жұмыс).

- A. Экономика саласы
- B. Ғылым, мәдениет, әлеуметтік сала
- C. Ауылшаруашылығы саласы
- D. Тау-кен өндірісі саласы
- E. Құрылыс саласы



ТЫҢДАЛЫМ

«Кәсіби қазақ тілі, стиль туралы түсінік» тақырыбында бейнероликті көріп, тапсырманы орындаңыз.

<https://youtu.be/Zc5iuRixa1U>



Бейнероликте берілген ақпаратқа сәйкес кестені толтырыңыз.

	+/-
Стиль туралы түсінік	
Кәсіби термин сөздердің мағынасын түсіндіру, қолдану аясын меңгерту	
Стильдердің тілдік құралдары	
Ғаламтор желісінің қазіргі қоғамға әсері	



ЖАЗЫЛЫМ

Тұрақты сөз тіркестерін әр топқа бөліп, кестені толтырыңыз.

1.көз,ауыз	2. жүрек, тіл,тіс	3. мұрын,құлақ	4. қол,саусақ



Ала көзімен атты, аузынан салбырап түскендей, ақ саусақ, жүрегiнiң түгi бар, тiс жармау, мұрны қанамау, екi көзi төрт болды, аузына құм құйылды, қолы ашық, тас жүрек, тiс қаққан, құлақ қағыс есту, екi көзi шарасынан шығу, аузынан бiр елi тастамау, қол ұшын беру, су жүрек, тiсi шыққан, құлаққа ұрған танадай, жүзiктiң көзiнен өткендей, аузына қақпақ болу, қол қусыру, жүрегi орнына түсу, тiсiн қайрау, құлағын түру, иненiң көзiнен өткендей, жұмған аузын ашпау, қолы жүру, жүрегi зу ету, тiлiн тiстеу, құлағын бұрау, аузы-аузына жұқпау, тырнақ астынан кiр iздеу, жүрегi шайлығу, тiлiн табу, көзге түртсе көргiсiз, ауыз бастырық беру, он саусағынан өнер тамған, ақ жүрек, көз жазып қалу, аузымен орақ ору, қол алысу, көз шырымын алу, қой аузынан шөп алмас, көздi ашып-жұмғанша, аузын буған өгiздей, бес саусақтай бiлу, жүрегi аттай тулады, иiсi мұрнына бармау, бармақ тiстеу, жүрегi аузына тығылды, тiлi қышыды, жүрегi алып ұшу, тiлi байлану, жаны мұрнының ұшына келу, мұрнынан шаншылу, мұрнын шүйiру.



Бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы тұрақты тіркестерді сәйкестендіріңіз.

Бетінен шықты		оты	Қуанышы қойнына сыймады
Қолы жұқпады		қолына	Беті бүлк етпеді
Ажары сынды			Саусағының ұшын қимылдатпады



Бірдей мағынадағы тұрақты тіркестерді сәйкестендіріңіз.



Үріп ауызға салғандай		Жерден алып, жерге салды
Ит өлгенжер		Қыздың жиған жүгіндей
Ит терісін басына қаптады		Ит арқасы қиянда

Тұрақты сөз тіркестерінің синонимін табыңдар.

Тұрақты сөз тіркестерінің синонимін табыңдар.

1. Қой аузынан шөп алмайды -
2. Жүрек жалғау-
3. Төбе шашы тік тұру-
4. Қас пен көздің арасында-
5. Бармағын тістеу-
6. Аузына құм құйылу-
7. Ит өлген жер-
8. Тайға таңба басқандай-



Тұрақты тіркестерді қолданып,сөйлем құраңыз.

Көз ілмеу – ұйықтамау
Жүрегі жарылу – қуану
Төбе шашы тік тұру – қорқу
Жұмған аузын ашпау – үндемеу
Қызыл итке жем болу – қызғану
Қара қылды қақ жарған – әділ
Сөзге келмеу – келісу
Қой аузынан шөп алмас – жуас,момын
Өлердегі сөзін айту – жалыну
Тас жүрек – қатал,қатыгез
Тісі тісне тимеу – тоңу
Жаны мұрнының ұшына келу – қиналу

Үйді басына көтеру – айқайлау
Бетінен оты шығу –ұялу
Жүрегінің түгі бар – батыр
Бетінен қақпау – еркелету
Шаңырақ көтерді – үйленді
Жаужүрек – батыр
Ертеден қара кешке дейін –күні бойы
Кең пейіл – жомарт
Көзді ашып -жұмғанша – тез
Тас бауыр – қатал
Көз көрмес,құлақ естімес жер -алыс
Тілі аузына сыймау – шөлдеу

Назарларыңызға
рақмет!